



**БҰҰ БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ:
ҚАЗАҚСТАН ҚАБЫЛДАҒАНЫНА 30 ЖЫЛ**





НАСЫМЖАН ОСПАНОВА

*ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балалардың
құқықтарын қорғау комитетінің төрайымы*

@nasymzhan.ospanovaa

«30 жыл ішінде еліміз балаларды қорғау мен олардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде елеулі жұмыс атқарды. Бүгінгі таңда Комитет Нидерланды Корольдігінің Депозитарийінде балалардың құқықтарын қорғау саласындағы бірқатар халықаралық конвенциялардың ережелерін орындау, БҰҰ Бала құқықтары комитетіне елдегі балалардың жағдайы туралы мерзімді баяндаманы тапсыру үшін жауапты өкілетті орган ретінде тіркелген. Қазақстан Республикасы тапсырған баяндамалар еліміздің саясаты мен тәжірибесі Конвенция ережелеріне сай екенін көрсетті. Бұл кейіннен қол жеткізілген прогресті бағалауға негіз болды.





НАСЫМЖАН ОСПАНОВА

*ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балалардың
құқықтарын қорғау комитетінің төрайымы*

@nasymzhan.ospanovaa

Айта кетейік, республиканың барлық стратегиялық құжаттарында балалар басты игілік алушылар болып табылады. Әлемнің көптеген елдері балалардың әл-ауқатын бағалап, арнайы әдістемелер әзірлейді. Қазақстан бұл істен де шет қалған жоқ.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ұлттық мониторинг - Балалардың әл-ауқаты индексі енгізілді, ол Қазақстанның өңірлері бойынша және балалардың әл-ауқатының халықаралық индекстерімен индикаторларды таңдауға және салыстыруға мүмкіндік береді».